

Біржан сал ауданы мәслихатының 2018 жылғы 28 қарашадағы № С-31/3 "Біржан сал ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 2020 жылғы 26 маусымдағы № С-53/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 маусымда № 7923 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Біржан сал ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Біржан сал ауданы мәслихатының "Біржан сал ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" 2018 жылғы 28 қарашадағы № С-31/3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6917 тіркелген, 2018 жылғы 20 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Біржан сал ауданы мәслихатының
сессия төрағасы*

К.Тастанбеков

*Біржан сал ауданы мәслихатының
хатшысы*

С.Шауенов

"КЕЛІСІЛДІ"

*Ақмола облысы
Біржан сал ауданының әкімі*